1.1	Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу Мақсаты: өзін-өзі бағалау шеңберінде мектепке дейінгі ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру. 1. Ұжымды «Білім білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылдың 05 желтоқсанданы ҚР Білім оқу-ағарту министрінің №486 бұйрығымен таныстыру. 2. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын анықтау. 3. Балабақшаның бұйрығымен өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның құрамын бекіту.	6 қаңтар 2026 жыл	Менгеруші, әдіскер
1.2	Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия мүшелерінің отырысы. Мақсаты: комиссия қызметінің стратегиясын әзірлеу, міндеттерді бөлу. 1. Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу. 2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау жоспарын жасалу және бекіту.	8 қаңтар	Комиссия мүшелері
2	II ұйымдастыру кезеңі		
1.	Мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы акпараттық анықтама жасау.	9 қаңтар	Комиссия мүшелері
2.	Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық әулеін талдау. Мақсаты: бағалатын кезеңде мектепке дейінгі ұйымның педагог кадрлармен жасақталуына талдау жүргізу.	10 қаңтар	Комиссия мүшелері
3.	Оқу-әдістемелік жұмысты талдау.		Комиссия мүшелері

	Мақсаты: оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы, білім беру қызметін мектепке дейінгі және тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының үлгілік оқу бағдарламасына қойылатын талаптарды жүзеге асыру.		
4	Оқу-материалдық активтерді талдау. Мақсаты: материалдық-техникалық қамтамасыз етуді талдау және оның балалардың жас ерекшеліктеріне және олардың қажеттіліктеріне сәйкес.	12 қаңтар	Комиссия мүшелері
5.	Мектепке дейінгі ұйымды ақпараттық ресурстармен және кітапхана қорымен қамтамасыз ету туралы мәліметтер. Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етудің болуын талдау.	13 қаңтар	Комиссия мүшелері
6.	Тәрбиеленушілердің білімін бағалау. Мақсаты: бағаланатын уақытындағы баланың даму мониторингісін қамтамасыз ететін тәрбиеленушілерді оқытудың нәтижесін сараптау.	14 қаңтар	Комиссия мүшелері
7.	Білім беру процесінде қатысушылардың Сауалнамасы. Мақсаты: ұсынылатын білім беру қызметтерінің қанағаттану деңгейін анықтау бойынша талдау және бағалау.	15 қаңтар	Комиссия мүшелері
8.	Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижелерін өңдеу және қорытындылау. Мақсаты: есептік құжаттарды дайындау.	16 қаңтар	Комиссия мүшелері
III қортынды кезеңі			
1.	Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу	17 қаңтар	Комиссия мүшелері
2	Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін өзін -өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру.	18 қаңтар	Комиссия мүшелері
3.	«ҚР Оқу -ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-не материалдары тапсыру және мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру.	19 қаңтар	Комиссия мүшелері





II. Кадырлық құрамға талдау

Астана қаласы «Sani kids» балабақшасы педагогтері кадрлық құрамы бекітілген штат санына сәйкес, штат кестесі негізінде жасақталды. Мемлекеттік қызметті орындау мақсатында штаттық кестеде педагогтердің штаттық бірліктері тәрбиешілер мен мамандарда қарастырылған.

«Sani kids» балабақшасында 2025-2026 оқу жылындары нақты көрсеткіші бойынша 7 педагог бар. Сонын ішінде әдіскер - 1, тәрбиеші – 3, дене шынықтыру нұсқаушысы - 1, музыка маманы - 1, қазақ тілі маманы - 1,

Педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Аттестаттаудан өту мерзімдері сақталып, перспективалық жоспар негізінде педагогтердің кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі.

Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетіліп, тәлімгерлік жұмыстары ұйымдастырылған. Педагогтер білім беру процесінде инновациялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын және заманауи оқыту әдістерін қолданады.

Кадрлардың тұрақтылығы сақталған, педагогтердің ауысуы білім беру процесінің сапасына кері әсерін тигізбейді. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптасқан, педагогтер арасында өзара ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу жүйелі түрде жүзеге асырылады


МЖМБ үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнының орындауды қамтамасыз стетін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100% -ды құрайды

«Sani kids» балабақшасы педагогтерінің

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылындағы білімі туралы ақпарат.

Оқу жылы	Барлық педагогтар саны	Жоғары білім бар педагогтер саны	Арнайы орта білім бар педагогтар саны
2023-2024 ж.	8/100%	4/50%	4/50%
2024-2025 ж.	8/100%	4/50%	4/50%
2025-2026ж	7/100%	7/100%	0/0%

Педагогтердің білім деңгейінің салыстырмалы диаграммасы



2025-2026 оқу жылы педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау қазіргі уақытта жоғары білім бар педагогтердің саны 7, яғни жоғары білімі бар педагогтар 100%-ды құрайды. Арнаулы орта білімі бар педагогтер саны жоқ.

Бейіні бойынша педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылы бойынша мәліметтер.

Оқу жылы	Барлық педагогтар саны	Бейіні бойынша мектепке дейінгі жоғарғы білімі бар педагогтер саны	Бейіні бойынша мектепке дейінгі арнаулы орта білімі бар педагогтер саны	Қайтаи даярлау курсынан өткен педагогтер саны	Бейіні бойынша педагогтер мен қамтылу
2023-2024 ж.	8/100%	4/50%	4/50%	0	100%
2024-2025 ж.	8/100%	4/50%	4/50	0	100%
2025-2026 ж.	7/100%	7/100%	0/0%	0	100%

2025-2026 оқу жылында «Sani kids» балабақшасында мектепке дейінгі білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтылуы -100%. Педагогтер саны-7. Оның ішінде - бейіні бойынша мектепке дейінгі жоғары білімі бар педагогтар саны - 7, бейіні бойынша арнайы орта білімі бар педагогтар саны - 0, қайта даярлаудан өткен педагогтар саны- 0

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру, растау туралы

2023-2024, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша

міәліметтер 2025-2026 оқу жылында «Sani kids» балабақшасы

педагогтерінің біліктілік санатпен камтылуы – 100%

кұрайды. Онын ішінде - педагог-модератор - 5. Педагог санаты-2

2024-2025 оқу жылында «Sani kids» балабақшасы педагогтерінің біліктілік

санатпен камтылуы – 100% құрайды. Онын ішінде - педагог-модератор

- 0. Педагог санаты-8

2023-2024 оқу жылында «Sani kids» балабақшасы педагогтерінің біліктілік

санатпен камтылуы – 100% құрайды. Онын ішінде - педагог-модератор

- 0. Педагог санаты-8

2025-2026 оқу жылында кезекті біліктілік санатқа үміткер - 1 педагог
портфолиосын жинап, педагогтің білімін бағалау тестілеуінен өтіп педагог-
модератор санатына өтініш жіберілді.

Оқу жылдары	Жалпы педагогтердің саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық Орталығы»	«Асқар Кәсіби Даму Орталығы»	«Әдістемелік Орталық»	Үлесі
2023-2024 ж.	8	1	-	-	100%
2024-2025 ж.	8	1	3	-	100%
2025-2026 ж.	7	0	2	-	100%

Балабақша педагогтерінің біліктілік деңгейін көтеру

Балабақша тәрбиешілері мен педагог мамандар өздерінің білім және біліктілік деңгейін жүйелі түрде көтеріп отырады. Әрбір педагог жыл сайын өз білімдерін көтеру үшін жаңарған ақпараттық ағымы қуатты, жоғары инновациялық әдістерді меңгеру бағытында халықаралық, республикалық, қалалық білім жетілдіру курстарына өтіп тұрады. Мектепке дейінгі біліктілігін арттыру үшін келесі нысандар қолданады.

III.Тәрбиеленушілер контингенті

«INDIGO» 24.kz автоматтандырылған қызметі арқылы ТОО «Sany kids» «Sani kids» балабақшасына қабылданған тәрбиеленушілер жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, 2025-2026 оқу жылының басында жасақталды:

- кіші топ – 2 жастағы балалар;
- ортаңғы (аралас) топ – 3-4 жастағы балалар;
- мектепалды топ – 5 жастағы балалар болып бөлінеді.

«Sani kids» балабақшасында 3 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 3 топ, олардың ішінде кіші - 1, ортаңғы (аралас) – 1, мектепалды - 1 топтары.

«Sani kids» балабақшасында топтардың саны, тәрбиеленушілердің сандық құрамы

(2025-2026 оқу жылына әдістемелік ұстанымдардағы № 3 қосымшаға сәйкес)

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026, оқу жылдарындағы балалар контингенті әдістемелік ұсынымдардағы №3 қосымшаға сәйкес берілді.

Тәрбиеленушілер контингенті 2025-2026 оқу жылы

№	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	мектепалды «Бәйтерек»	5 жас	25
2	аралас «Қызғалдақ	3-4 жас	25
3	кіші «Бөбек»	2 жас	19

Тәрбиеленушілер контингенті 2024-2025 оқу жылы

№	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	мектепалды «Бәйтерек»	5 жас	25
2	ортаңғы «Жұлдыз»	3 жас	25
3	ересек «Қызғалдақ»	4 жас	13
4	кіші «Бөбек»	2 жас	6

Тәрбиеленушілер контингенті 2023-2024 оқу жылы

№	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	мектепалды «Бәйтерек»	5 жас	19
2	ортаңғы «Жұлдыз»	3 жас	17
3	ересек «Қызғалдақ»	4 жас	22
4	кіші «Бөбек»	2 жас	11

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс

«Sani kids» балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиелеу-білім беру процесін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген үлгілік бағдарламаларға, оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен айқындалады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі

«Sani kids» балабақшасы МКҚК –ның оқу әдістемелік жұмысы нормативтік- құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу- білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиелеу-білім беру процесін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 4) республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің ғылыми әдістемелік отырысында ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға;

☐ циклограммаға; тәрбиеленушілердің біліктері мен
☐ дағдыларын дамытудың (үлгілік оқу бағдарламасының
☐ мазмұныны меңгерту бойынша жүргізілетін) мониторингіне сәйкес
жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 2- қосымша (2- қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024 №319 өзерістер енгізіледі) сәйкес циклограмма әр апта сайын жасалады, таңғы балаларды қабылдаудан, балалар іс- әрекетінің әртүрлі түрлерін серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Топтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, педагогамандардың кестесі, перспективалық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына, 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына, 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес перспективалық жоспар, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, ерекше білімді қажет ететін балаларға жеке оқу жоспарлары, топ циклограммалары құрылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтер келесі қағидаттарға бағдарланады:

- ☐ ойын арқылы оқыту;
- ☐ балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (өзіне-өзі қызмет көрсету, ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, балалардың өзіндік іс-әрекеті, эксперимент).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары

<https://drive.google.com/drive/folders/1sdMk9RkzxdwWmAmRm085A1I7zwlRFnWk>

жүктеледі.

V. Оқу материалдық активтер

Ұйымның салынған жылы: 2021 жыл

Меншік нысаны: Жекеменшік балабақша

Жалпы аланы: шаршы 601,4

Сумен жабдықтау: орталық

Жылыту: орталық

Балабақшаның жұмыс режимі: аптасына бес күндік жұмыс,
сағат 08:00 – ден 19:00-ге дейін.

Ғимарат - 1 қабатты.

Барлық бөлмелер талаптарға сай стандартқа сәйкес келеді. СЭС және өрт қауіпсіздігінің барлық нормалары сақталды. 15 бөлмелер (қабылдау белмесі, ойын белмесі, жатын белме, жуу белмесі, дәретхана); басшының, қазақ тілінен, медициналық блок музыка залы, асхана,:

«Sani kids» балабақшасы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өмірі мен денсаулығының сақтау бойынша шаралар қабылдануда. Балабақшаның аумағы металл қоршаумен қоршалған, заманауи бейнебақылау жүйесі орнатылған, өрт және күзет дабылы, тетенше жағдай кезінде дабыл түймесі мен қонырау кнопкасы бар.

«Sani kids» балабақшасына» 2 жастан 6 жасқа дейін тәрбиеленушілер қабылданады. Мектепке дейінгі ұйымда 3 топ мемлекеттік тілде жұмыс істейді.

1. «Бөбек» -кіші топ
2. «Қызғалдақ »- ортаңғы (аралас) топ
3. «Бәйтерек»- мектепалды топ

Жабдықтар мен жиһаздардың белгіленген талаптарға сәйкестігі


Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалардың және білім беру ұйымдарын жабдықтау нормаларының талаптарына сәйкес келеді.

Топтық бөлмелер тәрбиеленушілердің жас және бой ерекшеліктеріне сәйкес қажетті жиһаздармен және жабдықтармен қамтамасыз етілген. Үстелдер, орындықтар, кереуеттер, киім сақтайтын шкафтар, ойыншықтар мен оқу құралдарын сақтауға арналған сөрелер мен шкафтар таңбаланған және жарамды күйде. Жиһаздардың саны мен өлшемдері топтардың толықтырылуына сәйкес келеді.

Музыка залы, әдістемелік кабинет, медициналық кабинет, ас блогы және басқа да білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға және балалардың қауіпсіз болуына қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және техникалық құралдармен қамтамасыз етілген.

Ойын және спорт жабдықтары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай келеді, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді, ақаулары жоқ және уақтылы жөндеуден өткізіліп отырады. Жиһаздар мен жұмсақ және қатты мүкәмалдар жарамды жағдайда сақталып, балалардың жайлы әрі қауіпсіз ортада болуына мүмкіндік береді.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдағы жабдықтар мен жиһаздар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын жабдықтау нормаларына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келеді.



VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Sani kids» балабақшасында білім беру процесін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры қалыптастырылған.

Кітапхана қорында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған әдістемелік әдебиеттер, оқу-әдістемелік кешендер, балалар көркем әдебиеті, энциклопедиялар, анықтамалықтар, дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар, педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар, нормативтік-құқықтық құжаттар қоры жинақталған.

Оқу-тәрбие процесінде «Шикула и К» баспасының оқу дәптерлері, дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар жүйелі түрде қолданылады. Кітапхана қоры жыл сайын толықтырылып, жаңартылып отырады.

Педагогтер мен тәрбиеленушілер үшін интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілген. Білім беру процесінде келесі ақпараттық ресурстар пайдаланылады:

Интернет ресурстары

№	Атауы	Сілтемесі	Жауаптылар
1	Балабақшаның сайты	https://www.sanykids.edu.kz/index.php/kk/	Директор, меңгеруші
2	Гугл дисктің сілтемесі	https://drive.google.com/drive/folders/1sdMk9RkzxdwWmAmRm085A1I7zwlRFnWk	Директор, меңгеруші
3	Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ)	https://nobd.edu.kz/login	Директор, меңгеруші
4	Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарына балаларды қабылдау жүйесі (INDIGO) –	https://int.indigo.nursultan.e-orда.kz/	Директор, меңгеруші
5	«Enbek.kz» электрондық еңбек биржасы	https://www.enbek.kz/ru	Директор, меңгеруші
6	«BilimKids» мектепке дейінгі білім беру платформасы	https://bilimkids.kz/kk/login	Меңгеруші, тәрбиеші
7	Балабақшаның Instagram парақшасы	@sani_kids_sad	Тәрбиеші
8	«eGov.kz» электрондық үкімет порталы	https://egov.kz/	Директор, меңгеруші
9	Жасанды интелект (ЖИ)	https://chatgpt.com/	Тәрбиеші
10	Whatsapp	https://web.whatsapp.com/	Тәрбиеші

11	«eLicense.kz» электрондық лицензиялау порталы	https://elicense.kz/	Директор, меңгеруші
12	«Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі (ЭСФ)	https://esf.gov.kz/	бухгалтер
13	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ресми сайты	https://orleu.edu.kz	Директор, меңгеруші
14	Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет»	https://adilet.zan.kz	Директор, меңгеруші
15	«Балаларды ерте дамыту институты» РММ ресми сайты –	https://irrd.kz	Директор, меңгеруші
16	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты –	https://www.gov.kz/memleket/entities/edu	Директор, меңгеруші

Директор:  Ж.М.Отегенова

Топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кітап бұрыштары ұйымдастырылған. Балалар көркем әдебиетпен, танымдық кітаптармен және иллюстрациялық материалдармен еркін танысу мүмкіндігіне ие.

Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын дамытуға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге және білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Төменде кітапхана қорының тізімі, оқу-әдістемелік әдебиеттер, ақпараттық ресурстар және кітап бұрыштарының фотоматериалдары қоса беріледі

Балабақшада мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таңыстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармашылардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақ тарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышы ұйымдастырылған.

Әр топтың тәрбиешілері үшін жас ерекшеліктеріне сай оқу-әдістемелік кешендерімен жабдықталған.





VII.Тәрбиеленушілерді білімдерін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуы жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің нәтижелерінің болуы:

«Sani kids» балабақшасында тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес бағаланады.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейін бақылау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Балалардың жетістіктерін бағалау бақылау, әңгімелесу, ойын, практикалық тапсырмалар және күнделікті қызмет нәтижелерін талдау арқылы жүргізіледі.

Балалардың дағдыларын дамыту мониторингі оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша әр тәрбиеленушінің жеке даму динамикасы анықталып, педагогтер тарапынан түзету және жеке жұмыс жоспарланады.

Бағалау бес білім беру саласы бойынша жүзеге асырылады:

- **дене шынықтыру;**
- **коммуникативтік дағдылар;**
- **танымдық және зияткерлік дағдылар;**
- **шығармашылық дағдылар;**
- **әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар.**

Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңестерде қаралып, білім беру процесін жетілдіру және тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді педагогикалық тәсілдерді қолдану бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

Тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері тұрақты талданып, ата-аналарға балалардың жетістіктері туралы ақпарат беріліп отырады. Бағалау нәтижелері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес оң даму динамикасын көрсетеді.

Төменде тәрбиеленушілердің даму мониторингі материалдары, жиынтық кестелер, талдау нәтижелері және педагогтердің қорытындылары қоса беріледі.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұның игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді.

Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді.

Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының темендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылы балалардың қызығушылықтарың, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарында мына міндеттер алынды.

Балаларды тәбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұның игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларын дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады: Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұның меңгеру деңгейі анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. **2022-2023**, оқу жылдарында бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен **2023-2024** оқу жылында балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылады.

(Тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарының (карталары)
көшірмелері электрондық нұсқада
[https://drive.google.com/drive/folders/1sdMk9RkzxdwWmAmRm085A1I7zwlR
FnWk](https://drive.google.com/drive/folders/1sdMk9RkzxdwWmAmRm085A1I7zwlRFnWk) жіберілді.

IX . Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашылық болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып озат оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үніліп оны ұғна білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе - педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдыңғы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар етуді жоспарға енгіздік.

Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша талдау жүргізіліп, жетістіктермен қатар жетілдіруді қажет ететін мәселелер анықталды.

Анықталған кемшіліктер мен ескертулер:

1. Материалдық-техникалық базаны заманауи талаптарға сәйкес кезең-кезеңімен жаңарту қажеттілігі бар.
2. Кейбір педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру және кәсіби даму деңгейін жетілдіру жұмыстары жалғастыруды қажет етеді.
3. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану және инновациялық технологияларды енгізу деңгейін жетілдіру қажеттілігі байқалады.
4. Ата-аналарды білім беру процесіне тарту және өзара ынтымақтастықты нығайту жұмыстарын жетілдіру қажет.

5. Әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, педагогтердің кәсіби тәжірибесін тарату бойынша жұмыстарды күшейту қажет.
6. Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны толықтыру және жаңарту жұмыстарын жалғастыру қажет.

Кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын шаралар:

- Материалдық-техникалық базаны нығайту және қажетті құрал-жабдықтармен толықтыру бойынша кезеңдік жоспар әзірлеу;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету;
- Заманауи білім беру технологияларын енгізу және цифрлық ресурстарды пайдалану жұмыстарын жетілдіру;
- Ата-аналар қауымдастығымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру;
- Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында семинарлар, шеберлік сағаттары, әдістемелік кеңестер өткізу;
- Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптарын тұрақты бақылауда ұстау;
- Оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар қорын толықтыру.

Қорытынды

Өзін-өзі бағалау барысында анықталған кемшіліктер білім беру процесінің сапасына елеулі әсер етпейді және жоспарлы түрде жойылатын сипатқа ие. Балабақша ұжымы білім беру сапасын арттыруға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын толық орындауға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырады.

Астана қаласы «Sani kids» балабақшасы

Қамқоршылық кеңес мәжілісінің ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 05.12. 2026 ж.

Қатысты:

1. Директор: Ж.М. Отегенова
2. Әдіскер: С.Ф. Сұлтанбекқызы

Күн тәртібі:

1. № 1 хаттаманың шешімі орындалғаны
2. Балалардың денсаулығын сақтау және дұрыс тамақтандыруды ұйымдастыру.
3. Балабақшаны мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы
4. Қамқоршылық кеңестің ұсыныстары мен шешімдері.

Балабақша медбикесі балалардың денсаулығын сақтау бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Ол балалардың күнделікті медициналық тексерістен өтетінін, аурудың алдын алу шаралары тұрақты жүргізілетінін атап өтті. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сай теңгерімді, құнарлы тамақпен қамтамасыз етілетіні айтылды. Ас мәзірі санитарлық талаптарға сәйкес құрастырылып, диетолог ұсыныстары ескерілетіні туралы мәлімет берілді.

Балабақша әдіскері санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы туралы баяндады. Балабақшада бөлмелердің тазалығы, желдетілуі, дезинфекция жұмыстары жүйелі жүргізілетіні айтылды. Сондай-ақ ойын алаңдары мен топ бөлмелерінің санитарлық нормаларға сай ұсталып отырғаны, эпидемиологиялық жағдайға байланысты қосымша қауіпсіздік шаралары қабылданғаны көрсетілді.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңес мүшелері балалардың денсаулығын сақтау мәселесі бойынша өз пікірлерін білдіріп, тамақтану сапасын бақылауды күшейту, ас мәзірінің әртараптандырылуын арттыру және ата-аналарға ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар санитарлық талаптардың қатаң сақталуын тұрақты бақылау, топтарда тазалық кестесін нақты орындау және маусымдық аурулардың алдын алу шараларын күшейту ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметінің сапасын бағалау, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарының орындалуын анықтау мақсатында балабақша мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттау барысында төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар қарастырылады:

- білім беру бағдарламаларының іске асырылуы;
- тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жағдайлары;
- материалдық-техникалық базаның талаптарға сәйкестігі;
- педагог кадрлардың біліктілік деңгейі;
- оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

- тәрбиелеу және оқыту процесінің сапасы;
- ата-аналармен және Қамқоршылық кеңеспен өзара ынтымақтастық жұмыстары.

Осыған байланысты Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудан өту жұмыстарына қолдау көрсетуге, білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізуге және аттестаттау қорытындыларын талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

Балабақша ұжымы мемлекеттік аттестаттау талаптарын сапалы орындауға және тәрбиеленушілерге қолайлы, қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырады.

Шешімі:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және дұрыс тамақтандыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын және оны одан әрі жетілдіру жалғастырылсын.
2. Балабақшаны мемлекеттік аттестаттауға дайындық және өткізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.
3. Ата-аналармен бірлескен бақылау және түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

Sani kids» балабақшасы БҰ Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Сәкенова Анар Жанұзаққызы



Қамқоршылық кеңестің хатшысы:

Сағидолла Лаззат Сағидоллақызы



Х. Қортындылар мен ұсыныста

Балабақша мен мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемелкеттік жалпыға міндетті стандартын талаптарына сай екеін көрсетті .

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізілді.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2021ж. 15 наурыздары №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру.

- Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішінің дұрыс сараптауға кеңестер өткізу.
- Оқу қызыметі барысында ұйымдастыруда педагогтар мен технологияларды пайдалану, баланың дамуына мүкімдіктер жасау.
- Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысу ұйымдастыру , тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп жоспар жасау.

«Sani kids» балабақшасы білім беру қызметті жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай келеді және «жақсы» деп бағаланады

Директор:  **Ж.М. Отегенова**

Комиссия төрайымы:  **Ф.С. Сұлтанбек**

Комиссия мүшелері:  **Г.Н Арыстанова.**

 **Г.А. Пазылова**

 **А.Мейраш**

